- Кітапхана, оқылатын пәндер тізімін оқу жұмыс жоспарына қарай тексеріп, оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету картасын электронды каталогтан тексеріп, оған талдау жасайды (яғни, әдебиеттердің кітапхана қорында болуын, данасын, оқу пәніне сәйкестігін, баспадан шыққан жылын (соңғы 10 жыл) және тіліне қарай бөледі);

- Оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету картасын жасау бойынша референттермен семинарлар өткізіледі.

Қазіргі уақытта кітапханада бакалавр бойынша 35 мамандықтың, магистратура бойынша 17 мамандықтың, докторантура бойынша 4 мамандықтың қамтамасыз ету карталары жинақталған.

Кафедра референттерімен тығыз жұмыс жасау мақсатында электронды почталар мен «WhatsApp» желісінде «Референттер» тобы құрылған.

Кітапхананың сайты (<http://lib.okmpi.kz>). Кітапхананың Web сайтында (<http://lib.okmpi.kz>) кітапхана тарихы, кітапхана құрылымы, кітапханаға жаңа түскен әдебиеттердің бюллетендері, баспалардың прайс-парақтары, мерзімді басылымдардың тізімі, ақпараттық ресурстарға сілтемелер ұсынылған. Сайт үнемі жаңартылып отырады.

«КАБИС» электронды каталогы. Кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру үшін 2012 жылы «КАБИС» (Қазақ автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйесі) лицензиялық кітапханалық бағдарламасы енгізілді. «КАБИС» электронды каталогтың базасында келесі каталогтармен ұсынылған: кітаптар – 8499 атау, мақалалар – 2420 атау, мерзімді басылымдар – 367 атау, диссертациялардың авторефераттары – 206 атау, ОҚМПУ ОПҚ еңбектері – 1052 атау, электрондық басылымдар – 1604 атау. Қазіргі таңда электронды каталогтың деректер қорында 14148 атау құжаттардың библиографиялық жазбалары бар.

Студенттер мен оқытушылар университеттің жергілікті желісіндегі "КАБИС" электронды каталогын пайдалана алады (<http://172.22.227.9/KABIS>), сондай-ақ Интернет желісінде (<http://ais.okmpi.kz/kabis>).

Пайдаланушылар үшін қашықтықтан білім алу мақсатында "Акнурпресс" цифрлық кітапханасы және "Smart Kitap" электронды онлайн кітапханасы сатып алынды.

Мерзімді басылымдарға жазылу. Кітапхана жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылуды рәсімдейді. 2022 жылы 54 атаумен мерзімді басылымдарға 717 145 теңгеге жазылды. Қоғамдық-саяси газеттердің саны - 7 атау, білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша ғылыми журналдар саны - 47 атауды құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде 26 атау.

Бүгінгі таңда кітапхана оқырмандарға жедел және сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетіп, ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыруда еңбек етіп келеді. Университеттің оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында аз қамтылған пәндерді оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша 450 кітап сканерлеу арқылы электронды нұсқаға көшіріліп, электронды каталогқа енгізілді. Әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram)

ресми аккаунттары арқылы кітапхана жұмысын, кітап қорын, өтіп жатқан іс-шараларды жарнамалау және насихаттау жұмыстары жүргізуде.

Осы жағдайларды ескере отырып келесі ұсыныстарды ұсынамын.

Кітапхананың электронды қорын толықтыру мақсатында ОҚМПУ кафедраларының оқытушы-профессорлар құрамының баспадан шығарған оқу-әдістемелік құралдарының электронды нұсқасын (PDF форматта) және 5 данасын міндетті түрде кітапханаға тапсыру қажет

2.ШЕШІМ: Мәлімет есепке алынсын. Кітапхананың электронды қорын толықтыру мақсатында ОҚМПУ кафедраларының оқытушы-профессорлар құрамының баспадан шығарған оқу-әдістемелік құралдарының электронды нұсқасын (PDF форматта) және 5 данасын міндетті түрде кітапханаға тапсырылсын.

3. 2021-2022 о.ж. Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімі басшысының м.а. Наралиева Ш.Д.:

| № | Орындалған жұмыстар | Орындалу мерзімі | Нәтиже |
|----|--|--|--|
| 1. | Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары дайындалды | Тамыз, 2021 ж. | Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. |
| 2. | Сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларының ережелері жаңа бекітілетін заңдарға сәйкес қайта дайындалды | Тамыз-қыркүйек, 2021 ж. | Сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларының ережелері жаңа бекітілетін заңдарға сәйкес қайта дайындалып, бекітілді (процедура). |
| 3. | Серіктес шетелдік және отандық ЖОО-лармен (мекемелермен) келісім шарттарды жаңарту, жаңа келісімдерге қол жеткізу жұмыстары жүргізілді (жүргізілуде) | 2021-2022жж. | Келісімшарттар жасасқан шетелдік ЖОО-лар (мекемелер) саны – 8. Келісімшарттар жасасқан отандық ЖОО-лар (мекемелер) саны – 7. |
| 4. | «Fulbright» бағдарламасы бойынша жұмыс жасау | Қыркүйек, 2021 ж. | «Fulbright» бағдарламасы бойынша 1 ерікті жұмыс жасауда. |
| 5. | Шетелден келетін студенттерге көші-қон департаменті арқылы құжаттар рәсімдеу жұмыстары жүргізілді (жүргізілуде) | Қыркүйек, 2021 ж. 2021-2022жж. | Шетелдік студенттерді тіркеуге қою, оларға виза рәсімдеу, шақыру беру жұмыстары бойынша үздіксіз қолдау көрсетіліп келеді. |
| 6. | Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік ЖОО-лармен студент алмасу жұмыстары жүргізілді | Қазан, 2021 ж. Желтоқсан, 2021 ж. | Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетіне 10 студент оқуға жіберілді. Ә. Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінің 30 студенті «Аудармашының кәсіби тренингі» пәніне тіркеліп, онлайн түрде дәріс |

| | | | |
|-----|--|----------------|--|
| | | | тыңдады. |
| 7. | Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында отандық ЖОО-лармен студент алмасу жұмыстары жүргізілді | 2021-2022 жж. | Күзгі семестрде: 1 студент оқуға қабылданды. Көктемгі семестрде: 2 студент оқуға жіберілді; 13 студент оқуға қабылданды. |
| 8. | АҚШ елшілігінің Орта Азия бойынша ағылшын тілі бағдарламаларының аймақтық офисі ұйымдастырған Педагогикалық университеттерді дамыту жобасының (PUDP) III фазасына қатысу | Қазан, 2021 ж. | ОҚМПУ-дың 8 оқытушысы Педагогикалық университеттерді дамыту жобасының (PUDP) III фазасына белсене қатысып, тәжірибелерімен бөлісті. |
| 9. | Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетінің ректоры Мұса Йылдыз бастаған делегацияның жұмыс сапары | Қазан, 2021 ж. | Гази университеті мен ОҚМПУ арасында іс бірлігі протоколы мен ынтымақтастық келісімшартына қол қойылды. |
| 10. | ОҚМПУ-да АҚШ елшілігінің Орта Азия бойынша ағылшын тілі бағдарламаларының аймақтық офисінің директоры мен мамандарымен кездесу өткізу | Қараша, 2021ж. | АҚШ елшілігінің Орта Азия бойынша ағылшын тілі бағдарламаларының аймақтық офисінің директоры Джон Силвер бастаған делегациямен кездесу барысында ортақ жобалар талқыланды. |
| 11. | Халықаралық білім көрмесіне ОҚМПУ қызметкерлері мен ОПҚ құрамының қатысу жұмыстарын ұйымдастыру | 2021-2022жж. | «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның ұйымдастыруымен Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен «Қазақстанның шет елдегі білім күндері» атты халықаралық білім көрмесіне ОҚМПУ делегациясы қатысты |
| 12. | ОҚМПУ-ға шақырылатын визитинг-профессорлардың жұмысын ұйымдастыру | 2021-2022жж. | ОҚМПУ-ға шет елдерден 4 оқытушы-профессор шақырылып, студенттер мен оқытушыларға дәріс, семинарлар, тренингтер жүргізді |
| 13. | ОҚМПУ-ға шақырылатын отандық профессорлардың жұмысын ұйымдастыру | 2021-2022жж. | М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетімен өзара оқытушы алмасу аясында дәріс оқуға: 2 оқытушы жіберілді; 2 оқытушы шақырылды |
| 14. | Серіктес шетелдік ЖОО-мен біріккен білім бағдарламаларын құру, «Қос диплом» бағдарламасын дамыту | 2021-2022жж. | Солтүстік (Арктикалық) федералды университетінің (САФУ) делегациясы ОҚМПУ-ға жұмыс сапарымен келіп, екі ЖОО арасындағы қос дипломды білім беру бағдарламасының қазіргі жағдайын талқылап, болашақта дамыту жолдарын жоспарлады. |

1. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2021-2022 оқу жылының күзгі семестрінде Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетіне 10 студент оқуға жіберілді:

| № | Студенттің аты-жөні | Факультет | ББ | Курс |
|-----|-------------------------------------|-----------------------|---|------|
| 1. | Абдимажитов Санжар Абдусадыкович | Филология | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 2 |
| 2. | Ахметова Сымбат Талғарқызы | Филология | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 |
| 3. | Бибатыр Айжан Егізбайқызы | Филология | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 |
| 4. | Әбіләкім Ақбаян Мұратқызы | Филология | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 |
| 5. | Арапова Аружан Қанатқызы | Филология | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 |
| 6. | Жаңбыр Шұғыла Бекмұратқызы | Физика- математика | Информатика мұғалімін даярлау | 2 |
| 7. | Адилжанов Дастан Русланович | Жаратылыстану | Химия мұғалімін даярлау | 3 |
| 8. | Аргинбаева Гулиза Бижанқызы | Жаратылыстану | Химия мұғалімін даярлау | 3 |
| 9. | Адина Айдана Нарбайқызы | Жаратылыстану | Химия мұғалімін даярлау | 3 |
| 10. | Сайыпова Мадина Мейрханқызы | Жаратылыстану | Биология мұғалімін даярлау | 3 |

2. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2021-2022 оқу жылының күзгі семестрінде 1 студент оқуға қабылданды:

| № | Студенттің аты-жөні | ББ | Курс | Келген ЖОО |
|----|---------------------|---|------|---|
| 1. | Қалмахан Алима | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 | Х. Досмұхаммедов атындағы Атырау университеті |

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрінде 2 студент оқуға жіберілді:

| № | Студенттің аты-жөні | ББ | Курс | Жіберілген ЖОО |
|----|---------------------------------|---|------|---|
| 1. | Ілес Жібек Торжанқызы | Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану | 3 | Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті |
| 2. | Нурмаханбет Аружан Сакенқызы | Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану | 3 | Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті |

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрінде 13 студент оқуға қабылданды:

| № | Студенттің аты-жөні | ББ | Курс | Келген ЖОО |
|----|------------------------------------|--|------|--|
| 1. | Байтелиев Нурсултан Калмаханұлы | Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау | 2 | Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті |
| 2. | Жетписбаева Улжан Муратбекқызы | Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау | 2 | Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті |

| | | | | |
|-----|------------------------------------|---|---|--|
| 3. | Палмахан Меруерт Болатқызы | Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау | 2 | Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті |
| 4. | Зікірхан Балнұр Қалмұратқызы | Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау | 2 | Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті |
| 5. | Бекмұрза Арай Әлиаскарқызы | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 | М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті |
| 6. | Сейтбек Дана Сейтбекқызы | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 | М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті |
| 7. | Тілеуберген Балгүл Сапарбекқызы | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 | М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті |
| 8. | Бақтығали Аружан | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы | 3 | Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті |
| 9. | Есеналиева Ақбаян Муратқызы | Физика мұғалімін даярлау | 2 | Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті |
| 10. | Әмір Аяулым Әділетқызы | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы | 3 | С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті |
| 11. | Имаш Улжалғас Данабекқызы | Химия-биология мұғалімін даярлау | 3 | С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті |
| 12. | Муслимбаева Бану Нурланқызы | Химия мұғалімін даярлау | 3 | С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті |
| 13. | Ералхан Айдана | Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау | 3 | Х. Досмұхаммедов атындағы Атырау университеті |

3. Шет елден ғалым-профессорлар шақыру бағдарламасы аясында **4 ғалым** ОҚМПУ студенттеріне дәрістер мен семинарлар, ОПК құрамына семинарлар мен тренингтер жүргізді:

| № | Шетелдік ғалымның аты-жөні | Ғылыми дәрежесі | Жұмыс орны, елі | Кафедра | Мерзімі |
|----|-------------------------------|----------------------|--|--------------------------|---------------------------|
| 1. | Йорулмаз Осман | Доктор, профессор | Мимар Синан атындағы көркем өнер университеті, Стамбул, Түркия | Әлем тарихы және дінтану | 01.11.2021- 30.11.2021 |
| 2. | Мехмет Олмез | Доктор, профессор | Стамбул университеті, Стамбул, Түркия | Қазақ тілі мен әдебиеті | 07.11.2021- 07.12.2021 |
| 3. | Перегрим Никита | Б.ғ.к., аға оқытушы | Т. Шевченко атындағы Луганск ұлттық университеті, Луганск, Украина | Биология | 15.11.2021- 15.12.2021 |
| 4. | Абдулхаиров Манзар Хусаинович | Ф.ғ.д., доцент | Ө. Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті | Қазақ тілі мен әдебиеті | 06.09.2021- 31.05.2022 |

| | | | | |
|--|--|--|-------------------------------------|--|
| | | | университеті, Ташкент, Өзбекстан | |
|--|--|--|-------------------------------------|--|

4. Оқытушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы бойынша М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетімен өзара оқытушы алмасу негізінде 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрінде келесі оқытушылар дәрістер жүргізуде:

| № | Оқытушының аты-жөні | Ғылыми дәрежесі | Кафедра | ЖОО | Мерзімі |
|----|------------------------------|---------------------|---|---|-----------------------|
| 1. | Мордвинцева Ирина Юрьевна | П.ғ.к., аға оқытушы | Мектепке дейінгі және арнайы педагогика | М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті | 21.02.2022-09.05.2022 |
| 2. | Бекембетова Люция Игиликовна | Аға оқытушы | Мектепке дейінгі және арнайы педагогика | М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті | 21.02.2022-09.05.2022 |
| 3. | Масалиева Жанар Амалбаевна | Ф.ғ.к., доцент | Мектепке дейінгі және арнайы педагогика | ОҚМПУ | 21.02.2022-09.05.2022 |
| 4. | Даркулова Куляш Нурадиновна | Ф.ғ.к., аға оқытушы | Мектепке дейінгі және арнайы педагогика | ОҚМПУ | 21.02.2022-09.05.2022 |

5. ОҚМПУ Ғылыми кеңесінің 31.08.2021 ж. күнгі №1 мәжілісінің шешіміне сәйкес, ағылшын тілінде сабақ жүргізетін, ағылшын тілі білімі деңгейін растайтын халықаралық сертификатқа ие келесі оқытушылардың жалақыларына қосымша үстемақы тағайындалды:

| № | Оқытушының аты-жөні | Кафедрасы | Халықаралық емтихан түрі | Нәтижесі | Үстемақы, тг |
|----|----------------------------------|--------------|--------------------------|----------|--------------|
| 1. | Серикбаева Айжан Мухаммедалиевна | Химия | TOEFL.ITP | 573 | 15 000 |
| 2. | Баймуратова Жайна Абилхасимовна | Химия | TOEFL.ITP | 610 | 15 000 |
| 3. | Абдукадиров Багдат Затыбекович | Физика | TOEFL.ITP | 493 | 10 000 |
| 4. | Жорабекова Айнуր Назимбековна | Ағылшын тілі | CELTA | pass | 20 000 |
| 5. | Аримкулова Гульмира Асхатовна | Биология | IELTS academic | 5.0 | 20 000 |
| 6. | Орманова Гания Кемаловна | Физика | TOEFL.ITP | 587 | 15 000 |
| 7. | Рысбаева Галия | Биология | TOEFL.ITP | 507 | 10 000 |
| 8. | Успабаева Айгуль | Биология | TOEFL.ITP | 507 | 10 000 |
| 9. | Абдрахманова Хадиша | Физика | TOEFL.ITP | Диплом | 20 000 |

6. ОҚМПУ-дың халықаралық ынтымақтастық қатынастарын нығайту мақсатында келесі шетелдік ЖОО-лармен (мекемелермен) келісімшарттарға қол қойылды:

| № | Шетелдік ЖОО | Ел | Келісім түрі | Мерзімі |
|---|--------------|----|--------------|---------|
|---|--------------|----|--------------|---------|

| | | | | |
|----|--|-----------|-------------------------------------|-----------------------|
| 1. | Гази университеті | Түркия | Протокол | 13.10.2021-13.10.2026 |
| 2. | Гази университеті | Түркия | Ынтымақтастық келісімшарты | 13.10.2021-13.10.2026 |
| 3. | Анкара университеті | Түркия | Протокол | 07.07.2021-07.07.2026 |
| 4. | Гелишим университеті | Түркия | Ынтымақтастық келісімшарты | 03.01.2022-03.01.2027 |
| 5. | Middle East Technical University | Түркия | Меморандум | 03.01.2022-03.01.2027 |
| 6. | Поморская академия в Слупске | Польша | Ынтымақтастық келісімшарты | 31.01.2022-31.01.2027 |
| 7. | «Дустлик» ассоциациясы, Ю. Сареми атындағы №107 мектеп-лицей, Ә. Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінің академиялық лицейі | Өзбекстан | Төртжақты ынтымақтастық меморандумы | 09.12.2021-мерзімсіз |
| 8. | Өзбекстан мемлекеттік хореография академиясы | Өзбекстан | Ынтымақтастық меморандумы | 24.01.2022-мерзімсіз |

7. ОҚМПУ-дың отандық ЖОО-лармен (мекеме) ынтымақтастық қатынастарын нығайту мақсатында келесі қазақстандық ЖОО-лармен (мекеме) **келісімшарттарға қол қойылды:**

| № | Шетелдік ЖОО | Қала | Келісім түрі | Мерзімі |
|----|---|-----------|----------------------------|-----------------------|
| 1. | Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті | Жезқазған | Ынтымақтастық келісімшарты | 22.11.2021-22.11.2026 |
| 2. | Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті | Қарағанды | Ынтымақтастық келісімшарты | 22.11.2021-22.11.2026 |
| 3. | М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті | Петропавл | Ынтымақтастық келісімшарты | 22.11.2021-22.11.2026 |
| 4. | А. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті | Ақтөбе | Ынтымақтастық келісімшарты | 23.11.2021-23.11.2026 |
| 5. | Павлодар педагогикалық университеті | Палодар | Меморандум | 22.02.2022-22.02.2027 |
| 6. | Павлодар педагогикалық университеті | Павлодар | Ынтымақтастық келісімшарты | 22.02.2022-22.02.2027 |
| 7. | «Ұлттық ұстаз» онлайн академиясы | Алматы | Ынтымақтастық меморандумы | 10.12.2021-10.12.2023 |

8. Сонымен қатар, қазіргі таңда келесі шетелдік және отандық ЖОО-лармен келісімшарттар түзу бойынша процесс жүріп жатыр:

| № | Шетелдік, отандық ЖОО | Ел / қала | Келісім түрі |
|----|--|-----------|-------------------------------|
| 1. | Гази университеті | Түркия | ERASMUS KA171 |
| 2. | Гази университеті | Түркия | Келісімшарт аясындағы келісім |
| 3. | Астрахань мемлекеттік университеті | Ресей | Ынтымақтастық келісімшарты |
| 4. | Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті | Өзбекстан | Ынтымақтастық келісімшарты |
| 5. | Шыршық мемлекеттік педагогикалық | Өзбекстан | Ынтымақтастық келісімшарты |

| | | | |
|----|---|-----------|----------------------------|
| | университеті | | |
| 6. | Наманган мемлекеттік университеті | Өзбекстан | Ынтымақтастық келісімшарты |
| 7. | Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті | Алматы | Ынтымақтастық келісімшарты |

ОҚМПУ-дың 8 оқытушысы АҚШ елшілігінің Орта Азия бойынша ағылшын тілі бағдарламаларының аймақтық офісі ұйымдастырған Педагогикалық университеттерді дамыту жобасының (PUDP) III фазасына белсене қатысып, тәжірибелерімен бөлісті:

| № | Оқытушының аты-жөні | Кафедра | Мерзімі |
|----|---------------------|----------------|---------|
| 1. | Жорабекова Айнур | Шет ел тілдері | |
| 2. | Антонцева Дарья | Шет ел тілдері | |
| 3. | Есеналиева Жаудір | Шет ел тілдері | |
| 4. | Альмуханбет Шолпан | Шет ел тілдері | |
| 5. | Садвакасова Аслия | Шет ел тілдері | |
| 6. | Ереханова Фатима | Шет ел тілдері | |
| 7. | Аширова Дильбар | Шет ел тілдері | |
| 8. | Шингарева Марина | Шет ел тілдері | |

Ұсыныстар:

1. студенттер арасында ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасының пайыздық көрсеткішін көтеру үшін пәндер айырмашылығын 50-60 пайызға жеңілдету;
2. студенттер арасында сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасының пайыздық көрсеткішін көтеру үшін белсенді, әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан студенттер үшін ректор және университет әкімшілігі тарапынан шетелде оқуға (бюджеттен тыс) қаржылық қолдау көрсету;
3. оқытушылар арасында ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын ілгері жүргізу мақсатында мүмкіндігінше бос орындарды (сағаттарды) толықтыру үшін шақырылатын өзге қазақстандық серіктес ЖОО-дан оқытушылар тізімі мен кезеңін алдын-ала бекіте отырып, бөліммен бірлесе жұмыс атқару;
4. шетелден «Визитинг-профессор» бағдарламасына шақырылатын профессор-оқытушылардың тізімін алдын-ала жасақтауға белсенді ат салысу.

3.ШЕШІМ:

1. Мәлімет есепке алынсын. Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстары жандандырылсын!

4 2021-2022 оқу жылының көктемгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекіту

ТЫНДАЛДЫ:

Бердалиев Д.Т.: 2021-2022 оқу жылының көктемгі жартыжылдығына арналған оқытушы-профессорлардың ОСӨЖ өткізу кестесі кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы жеке жүктемесі бойынша жүргізілетін пәндеріне және пәндердің кредит санына байланысты түзілді. Талқылап, бекітуге ұсынып отырмыз.

4.ШЕШІМ:

2021-2022 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған кафедраның оқытушы-профессорлар құрамының ОСӨЖ өткізу кестесін бекітілсін

5. Әр түрлі мәселелер.

5.1. Кешенді емтихан билеттерін бекіту

ТЫНДАЛДЫ:

Төрайым: ОҚМПУ академиялық кеңесінде қаралып, бекітілген (№3 хаттама, 27.12.2022) ББ кешенді емтихан бағдарламалары негізінде жасалған кешенді емтихан билеттерін бекітуге ұсынып отыр.

ШЕШІМ: Кешенді емтихан билеттері бекітілсін!

5.2. «Қысқы мектеп – 2022» оқу әдістемелік семинарының есебі

ТЫНДАЛДЫ:

Педагогикалық инновация орталығының меңгерушісі Кадирбаева Р.И.:

«Қысқы мектеп – 2022» оқу-әдістемелік семинардың бағдарламасына сәйкес 18.01.2022ж. - 20.01.2022ж. күндер аралығында ОҚМПУ бас ғимараты 317-ауд. баяндамашылар түрлі өзекті тақырыптарда баяндама жасады. 1- күні ОҚМПУ педагогикалық инновация орталығының басшысы, педагогика ғылымдарының докторы, доцент Кадирбаева Р.И. «Аралас оқыту жағдайында оқу процесін жобалау әдістемесі» тақырыбында, ОҚМПУ академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы физика-математика ғылымдарының кандидаты Бердалиев Д.Т. «Студентке бағдарланған оқыту: оқыту және үлгерімді бағалау» тақырыбында, география кафедрасының аға оқытушысы Тасқараева К.А. «Оқытудағы саралау әдістері» тақырыбында баяндама жасады. 2-күні ОҚМПУ математика кафедрасының аға оқытушысы Егембергенова М.Ы. «Орта мектепте сабақты жоспарлаудың тиімді тәсілдері» тақырыбында, «Өрлеу» БАҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ, «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Есентуреева Гульмира Джумановна «PISA халықаралық зерттеуінің тапсырмаларын білім беру процесіне интеграциялау» тақырыбында, Шымкент қ. Ұлықбек атындағы № 3 жалпы орта білім беретін мектебінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, математика пәні мұғалімі Сырымбаева Н.А. «Бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалауды әзірлеуде туындаған мәселелерді шешу жолдары» тақырыбында баяндама жасады. 3-күні ОҚМПУ бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Тилеуова Саулеш Сабырбекқызы «Онлайн оқыту барысында лекция сабағының нәтижелі болуының кейбір мәселелері» тақырыбында, ОҚМПУ әлем тарихы және дінтану кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Руюткина Т.М. «Обучение использованию цифровых ресурсов студентов-историков» тақырыбында, ОҚМПУ информатика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Нурмуханбетова Г.К. «STEM – білім беру технологиясы» тақырыбында баяндама жасады. 3 күндік семинарға ОҚМПУ Басқарма төрағасының орынбасары – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Исабек Б.Қ, университет оқытушылары, докторанттар мен магистранттар қатысты.

ШЕШІМ Мәлімет есепке алынсын. Мәліметтер кафедраларға таратылсын

5.3 Университет оқытушы-профессорлардың баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары

ТЫНДАЛДЫ:

Төрайым: Университет профессор-оқытушыларының оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті. Баспадан шығарылатын оқу және оқу-әдістемелік құралдары кафедрада оқытылатын пәндерге сәйкес болу керек.

СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.: Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Барлық оқу-әдістемелік құралдарға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Университет профессор-оқытушыларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

Ф 4.03-05 Хаттама

1. **Ғ.К. Орманова., Б.С.Уалиханова, Э.К.Қожабекова дайындаған «Физика» атты оқу құралы.** Оқу құралы жалпы физика бөлімінен тұрады. Көлемі 14 б.т. құрайды. Бұл оқу құралы «Физика» пәніне арналған оқу құралы. Пән 6 кредиттен тұрады. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ дың ф-м.ғ.к., аға оқытушы, Саидахметов П.А, М.Әуезов атындағы ОҚУ дың ф-м.ғ.к., аға оқытушы Қабылбеков К.А.; ОҚМПУ, ф-м.ғ.к., аға оқытушы Б.К. Рахашев.
2. **Н.Ж.Қуандық, А.Д.Қылышбаев, А.Т.Жаппарбекова «Саяси билік» Оқу әдістемелік құрал. 95 б.** Пікір бергендер: Шалдарбекова А.Б. – философия ғылымдарының кандидаты, ОҚУ аға оқытушысы; Тәжітаева Р.С. – саяси ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ доценті; Есимова А.Б. – тарих ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ доценті.
3. **Ағылшын тілі кафедрасының доценті, п.ғ.к. М.Ю.Шингареваның «Basics of intercultural communication – Теория и практика межкультурной коммуникации» оқу құралы 7М01703-«Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау» ББ бойынша магистранттарға оқу үдерісінде пайдалануға арналған.** Ұсынылып отырған оқу құралы – бұл теориялық материалды да, практикалық тапсырмаларды да, тестілерді, тренингтерді және қосымша ақпаратты қамтитын жеті бөлімнен тұратын мәдениетаралық коммуникацияның толыққанды курсы. Пікір бергендер: ОҚМПУ ф.ғ.к., доцент Г. И. Абрамова және ф.ғ.к., доцент Т.А. Айнабекова; Орталық Азиялық инновациялық университеті, доцент, ф.ғ.к. Р.Б. Таукебаева
4. **Ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к. Г.И.Сманованың «The formation of cognitive activity in foreign language lessons» электронды оқулығы.** Электрондық оқулықтың практикалық маңыздылығы мектептің гуманистік-бағдарланған оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибесінде келесі зерттеу нәтижелерін пайдалану мүмкіндігімен анықталады: шет тілі сабақтарын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің негізгі компоненттері, ортақ көзқарас анықталып, білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ізгілендіру міндеттеріне барынша сәйкес келетін оқытудың формалары мен әдістері айқындалады; білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ізгілендірудің концептуалды моделін әзірлейді. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ п.ғ.к. А.А. Суюбердиева және ф.ғ.к. Г.К. Карбозова, ОҚМПУ ф.ғ.к., доцент Г. И. Абрамова
5. **Г.У. Тилеубаева «Тұлғаның әлеуметтенуі» Оқу әдістемелік құрал.** Пікір бергендер: Шалдарбекова А.Б. – философия ғылымдарының кандидаты, ОҚУ аға оқытушысы; Б.Е. Сағындықова – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ доценті; Есимова А.Б. – тарих ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ доценті.
6. **О.А. Стычева, Г.К. Алтынбекова «Шымкент-мой город родной» 104 бет.Оқу әдістемелік құрал.** Пікір бергендер: ОҚМПУ, т.ғ.к. Б.Қ. Исабек және п.ғ.д., профессор І. Сманов; М.Әуезов атындағы ОҚУ дың п.ғ.к. С.Е.Қалдықөзова.
7. **Д.Н.Байғұтова, А.А. Аширбекова «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мәтінмен жұмыс жасаудың түрлері» авторлық бағдарлама.** Авторлық бағдарламада қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың қызығушылық қабілетін қалыптастыру, яғни функционалдық сауаттылықты арттыру үшін тиімді тәсілдерді пайдалану мен озық технологияларды қолдану арқылы жаңаша оқытудың жолы, атап айтқанда, сабақта модульдік оқыту технологиясын қолдану қарастырылған.80 бет. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Ж.Қ.Адилбекова, ОҚМПУ, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Ұ.Ж.Қайырбекова.
8. **Қожабекова З.Е., Қарабаева А.М.** География ғылымының тарихы мен әдіснамасы: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру магистранттарына арналған оқу құралы. 128 бет. Оқу құралы магистранттарға «География ғылымының тарихы мен әдіснамасы» пәнін оқуда өзіндік жұмыстарды орындауда қажетті құрал болып табылады. Оқу құралы география ғылымының теориясы мен әдістемесіне арналған. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы; ОҚУ М.Әуезов атындағы; ОҚУ , г.ғ.д. Тасболат Б; ОҚМПУ, г.ғ.к. Тажекова А.Ж. «және г.ғ.к. Саулембаев А.Т.
9. **Шертаева Н.Т., Мамыкова Р.У. «Методы научных исследований и академическое письмо» атты оқу құралы.** Оқу құралы «Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат» пәннің оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған. Көлемі 148 бет. құрайды. Пікір бергендер:

М.Әуезов атындағы ОҚУ п.ғ.д., профессор Е.Ш. Козыбаев, х.ғ.к., доцент Г. А. Адырбекова;
ОҚМПУ, х. ғ. к., доцент Б. Б. Шағраева.

М.Ж. Дүйсембиев, Б.Б. Шағраева «Бағалау өлшемдерінің технологиясы» Оқу құралы. 104 бет. « Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ п.ғ.д., профессор Е.Ш. Козыбаев, х.ғ.к., доцент Г. А. Адырбекова; ОҚМПУ, х. ғ. к., доцент Шертаева Н.Т.

Нұрпейісов Нариман «Әдеби сын тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» Оқу әдістемелік құрал. 148 бет. Пікір бергендер: ОҚМПУ, ф.ғ.к. Т.Қ. Омаров; М.Әуезов атындағы ОҚУ дың ф.ғ.к. Қ.М. Оразбаев және ф.ғ.к. Б.Т. Тасболатов.

Амангелді Мамыт «Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық» оқу құралы. 154 бет. Пікір бергендер: ОҚМПУ, (ф.ғ.к. Н. Нұрпейісов; М.Әуезов атындағы ОҚУ дың ф.ғ.к. Н.Қ. Омаров және ф.ғ.к. Б.Т. Тасболатов.

ШЕШІМ:

Университет профессор-оқытушыларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

Төрайым



Исабек Б.Қ.

Хатшы



Айтбаева А.Е.